



Мемлекет басшысы Ұлттық кеңестің отырысына қатысты



Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бүгінгі отырысына дейін атқарылған жұмыстардың нақты нәтижесі бар екенін, «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» жаңа Заңға қол қойғанын атап өтті. Аталған Заң бойынша жиын өткізудің алдын ала ескерту қағидаты енгізілді.

– Жаңа заң азаматтардың бейбіт жиындар өткізуге конституциялық құқығын толық қамтамасыз етеді. Саяси реформалардың бірінші топтамасына кіретін басқа да заң жобалары әзірленуде. Сон-

дай-ақ сайлау туралы және саяси партиялар туралы заңдарға өзгерістер енгізетін құжаттарға қол қойдым. Біз парламенттік оппозиция институтын енгіздік. Саяси партияларды тіркеуге қатысты

талап жеңілдетілді. Сайлауға түсетін саяси партиялар әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота бөлетін болады. Жала жабуды қылмыс санатынан алып тастау және Қылмыстық кодекстің 174-бабын ізгілендіру жөніндегі нормаларға азаматтар барынша қолдау білдірді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев отырыстың күн тәртібі туралы айта келіп, кез-келген мемлекет үшін адами капитал басты өлшемге айналғанын атап өтті.

(Жалғасы 2-бетте)



2-бет

«Достық» орденін табыстады

ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин Қазақстандағы дипломатиялық миссиясын аяқтап жатқан ҚР-дағы Біріккен Араб Әмірліктерінің (БАӘ) Төтенше және Өкілетті Елшісі Мұхаммед Ахмед Сұлтан Иса Әл-Джаберді қабылдады.



3-бет

Рахмет саған, Рахымжан

Отырар аудандық полиция бөлімінің қызметкері Рахымжан Ниязбекұлының ержүректігі мен батылдығын бүгінде жерлестері аңыз етіп жүр. Арыс өзенінде ағып бара жатқан қызды құтқарып қалған оның бұл әрекетін естігендер батырлыққа балайды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2020 жылғы 9 маусымда сағат 16.00–де Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың халықпен есеп беру кездесуі өтеді.

Министрге сұрақтар мен ұсыныстарды «Polisia.kz» ведомстволық медиа порталы арқылы «Сұрақ/жауап» арнайы бөліміне, Call-орталығының телефондарына: 8(7172)72-20-92, 72-22-59, 71-52-31 немесе grim_mvdrk@polisia.kz электрондық мекен-жайы бойынша жіберуге болады.

Есеп беру кездесуі онлайн режимде Facebook, Instagram және ВКонтакте әлеуметтік желілеріндегі Министрліктің ресми парақшаларында, Youtube арнасында тікелей эфирде жүргізіледі. Сұрақтар ағымдағы жылдың 9 маусымына дейін қабылданады.

Біз үшін де бұл орны толмас қаза



Министр Ерлан Тұрғымбаев Алматыда қаза тапқан полицейлердің отбасыларына барды.

Токнияз КУЧУКОВ, Нұр-Сұлтан
ІІМ басшысы қызметтік борышын атқару кезінде қаза болғандардың туыстарына мемлекеттік наградаларды тапсырды. Марапаттау туралы Жарлыққа Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойды. Жарас Жанғазиев пен Дастан Абдықановтың туыстары Мемлекет Басшысы және Ішкі істер министрлігі басшылығына қолдау көрсеткендері үшін ризашылықтарын білдірді.

Қызметтік борышын үлгілі орындағаны, құқық тәртібін қамтамасыз етуге белсенді қатысқаны үшін Алматы қаласы Полиция департаменті патрульдік полиция полкі қызметінің инспекторы Жарас Жанғазиев қайтыс болғаннан кейін ІІ дәрежелі «Айбын» орденімен, Алматы қаласы Полиция департаменті патрульдік полиция полкінің полицейі Дастан Абдықанов қайтыс

болғаннан кейін ІІІ дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды.

– Ішкі істер министрлігінің барлық жеке құрамы сіздің қайғы-қасіретіңізді бірге бөліседі. Балалар – әкелерінен, әйелдер – жұбайларынан, ата-аналар – ұлынан айырылды, – деді министр Ерлан Тұрғымбаев. – Қызмет барысында қаза болғандардың екеуі де өздерін жауапты және тәртіпті қызметкер ретінде көрсетті, олар үшін қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік және халықты қорғау бәрінен жоғары тұрды. Екі айдан астам уақыт бойы олар күшейтілген режимде жұмыс істеді. Полиция мамандығын таңдаған соң бүкіл өмірін халық пен Отанға қызмет етуге арнады. Ең жақсы қызметкерлерден айырылу – өте ауыр жағдай. Жарас Жанғазиев пен Дастан Абдықанов өз борышын лайықты әрі адал орындаған парасатты полицейлер ретінде әріптестерінің есінде мәңгі қалады...

Соңында Ерлан Тұрғымбаев Алматы Полициясы департаментінде кеңес өткізді. Жиналыс барысында ол аумақтық департамент басшылығын қатаң сынға алып, бірқатар қызметкерге қатысты қабылданған қатаң шараларды атап

өтіп, Ішкі істер министрі қызметтік тәртіпті бұзуға жол берілмейтінін мәлімдеді.

– Жеке құраммен алдын алу жұмыстарын жүргізуге бақылауды күшейту, теріс әрекет фактілерінің жолын кесу және қызметкерлердің тәртіп бұзушылықтарына немқұрайлы қарауға жол бермеу қажет, – деп атап өтті ведомство басшысы.

Министр №7 қалалық клиникалық ауруханаға зардап шеккен полиция қызметкері, аға лейтенант Ербұлан Сейдазымға барды. BMW автомобилінің тосқауыл бекетіне (блокпостқа) соғуының салдарынан ол қатты жарақаттанып, жабық бас сүйек-ми жарақатын, мидың ауыр дәрежедегі зақымдануын алды. Зардап шеккен полицейге екі операция жасалды: бас сүйегінің резекциялы трепанациясы және бас сүйек ішіндегі гематома алынды.

ІІМ басшысы, сондай-ақ дәрігерлер консилиумына қатысты. Мамандардың айтуынша, пациенттің жағдайы ауыр, бірақ оның өміріне еш қауіп төндірмейді. Дәрігерлермен әңгімелескеннен кейін Ерлан Тұрғымбаев полиция қызметкерінің тез арада сауығып кетуіне үміт білдірді.



6-бет

Жас ғалымның бағындырған белесі

2020 жылы 13-17 наурыз аралығында Нұр-Сұлтан қаласында ТМД елдерінің ғылыми-білім беру мекемелері жас ғалымдарының қатысуымен онлайн конференция өтті.



7-бет

Кеш те болса әділдікке қол жеткізді

СҚО ПД ақпараттандыру және байланыс басқармасының арнайы мемлекеттік мұрағатында қуғын-сүргінге ұшыраған солтүстікқазақстандықтарға қатысты көптеген қылмыстық істер сақтаулы.

ТАЛЛИН

ДИМАШТЫҢ АҒАШЫ

Эстонияның Таллин қаласында қазақстандық әнші Димаш Құдайбергenniң құрметіне көшет отырғызылып, жанына естелік белгі қойылды. Бұл туралы dimashnews сайты хабарлаған.

Картина 1921 жылы салынған. Натюр-морт. Christie's аукцион үйі ұйымдастырған ойында 50 мың билет ойнатылған. Әр билет 100 еуроға сатып алынған.

– Тіпті картина үйдің қабырғасында ілініп тұрса да, оны ұрлап кетеді дейтіндей қауіп жоқ. Әрине, оны сақтандыру керек болады. Бірақ бұл картинаны миллиондаған адам көрген. Бір де бір ұры оны қайта сата алмайды, – дейді лотерея ұйымдастырушысы Пери Кошен.

Жиналған ақшадан 900 мың еуро картинаның бұған дейінгі иесіне беріледі. Қалған сома қайырымдылық ұйымдарына аударылады. Ол ұйымдардың мақсаты – Мадагаскар мен Камерунды таза ауыз-сүмен қамтамасыз ету.

– Таза сусыз өмір сүру мүмкін емес. Коронавирус адам өмірі сусыз қаншалықты қиын екенін бізге көрсетіп берді. Қол жуу – коронавирустан сақтанудың ең тиімді жолы. Бірақ су болмаса, қолыңды қалай жуасын? – деп атап өтті Кошен.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бақытты билет желтоқсанда сатып алынып, лотерея жеңімпазына сыйға берілген.

Қазақпарат

АҚШ

АҚЫСЫЗ ДЕМАЛЫСҚА ЖІБЕРІЛДІ

Boeing компаниясы 2,5 мың қызметкерін ақысыз еңбек демалысына жіберетін болды.

Ұшақ құрастырушы компанияның осы шешімі туралы кәсіподақ өкілдеріне сілтеме жасап Wall Street Journal газеті жазды.

Кей мәліметтерге сәйкес қысқарту бірінші кезекте Сизтлдегі бөлімшенің жұмысшыларына қатысты болмақ. Бұған қоса бас кеңседе қызмет ететіндер де жұмысынан айырылатын көрінеді. Жалпы, жыл соңына дейін Boeing қызметкерлер штатын 10 процентке азайтуды жоспарлап отыр.

Хабар24

ТОКИО

ІРІКТЕУ ЖҮЙЕСІ ЖАҢАРТЫЛДЫ

Жоспарланған Еуропа чемпионаттары өткізілмеген жағдайда Токио Олимпиадасына жолдама 2020 жылғы еуропалық рейтинг бойынша үлестіріледі.

Халықаралық спорттық ату федерациясы (ISSF) Токиода өтетін жазғы Олимпиада ойындарына іріктеу жүйесінің жаңа нұсқасын жариялады.

Жаңа жүйе Олимпиада ойындарының 2021 жылға шегерілгеніне байланысты Халықаралық Олимпиада комитеті (ХОК) тарапынан қабылданып отыр. ISSF 2021 жылы Финляндияның Лохада 10 метр қашықтық бойынша өтетін Еуропа чемпионаты мен 2021 жылы Хорватияның Осиек қаласында жоспарланған Еуропа біріншіліктерін жолдама үлестіретін іріктеу турнирі ретінде өткізуді ұсынды. Аталған жарыстар коронавирус пандемиясына байланысты кейінге қалдырылған болатын. 2020 жылғы жарыс күнтізбесі бойынша стэнд атудан Еуропа чемпионаты Шаторда (Франция), стэнд атудан квалификациялық Еуропа чемпионаты Пльзеньде (Чехия) өтуге тиіс еді.

Лохадағы дода 26 ақпан мен 8 наурыз арасында, ал Осиектегі біріншілік 23 мамыр мен 6 маусым арасында өтеді деп жоспарланған. Жоспарланған Еуропа чемпионаттары өткізілмеген жағдайда Токио Олимпиадасына жолдама 2020 жылғы еуропалық рейтинг бойынша үлестіріледі.

Olympic.kz

Мемлекет басшысы Ұлттық кеңестің отырысына қатысты

(Басы 1-бетте)

– Жаңа ахуал білім және ғылым жүйесін түбегейлі реформалауды талап етіп отыр. Енді бұл саланың маңызы арта түсетіні анық. Тіпті экономиканың өзі соған тәуелді болмақ. Біз білім мен ғылым саласының болашақтағы ролін айқын түсінуіміз керек. Бүкіл мемлекеттік саясатты соған сәйкес жүзеге асырамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанның білім саласына бөлетін қаржысы жеткіліксіз екенін, соның салдарынан білім беру сапасы мен мектеп инфрақұрылымы дамыған елдермен салыстырғанда әлдеқайда кенжелеп қалғанын жеткізді.

– Қазақстанның мектептері жақсы жабдықталып, сыныптағы оқушылар санының көп болмағаны қажет. Мемлекеттік білім беру бағдарламасы бойынша 2025 жылға қарай 650 орындық және одан да көп оқушыға арналған 800 жаңа мектеп, ауылдардағы тірек мектептер үшін 114 интернат, 700-ден астам спорт залдарын салу жоспарланып отыр, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Кеңес мүшелерінің назарын қала мен ауыл мектептерінің арасындағы алшақтықты қысқарту, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оқушылар арасындағы зорлық-зомбылық пен өз-өзіне қол жұмсау проблемасын шешу жөніндегі міндеттерге аударды. Сонымен қатар білім беру саласындағы басқару және қаржыландыру жүйесін жетілдіру керек екенін айтты.

– Менің шешімім бойынша 2021 жылдан бастап аудандық білім бөлімдерін басқару және оларды қаржыландыру облыстық деңгейге өтеді. Бұдан бөлек соңғы уақытта оқу орындарының басшыларын тағайындау тәртібі туралы мәселе жиі қозғалууда. Үкімет балабақша меңгерушілерін, мектептер мен колледждердің директорларын тағайындаудың түсінікті әрі ашық жаңа жүйесін әзірлеуі керек. Директорларды алмастыру және аттестациялау институтын енгізу ісі де басқарудың тиімділігін арттыруға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекеттік тілді оқытудың тиімділігін барынша арттыруға шақырып, бұл мәселеде Еуропа елдерінің тәжірибесіне назар аудару қажеттігін айтты.

– Олар тіл үйрету барысында негізінен, оқу орындарындағы жастарға көбірек мән береді. Сондықтан Тіл комитетін 2021 жылдан бастап Білім және ғылым министрлігінің қарамағына өткізген жөн. Бұл қазақ тілін оқыту әдістемесін әзірлеу және оны үйрету ісіне қатысты әлеуетімізді бір орталыққа шоғырландыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ мұндай қадам қолданысқа енгізілетін оқу бағдарламаларының тиімділігін талдау және мониторинг жүргізу жүйесін жасауға септігін тигізеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде ғылымды дамытуға баса мән берді.

– Жалпы, ғылымға бөлінетін қаржыны жоспарлы түрде көбейтеміз. 2025 жылға қарай оны жалпы ішкі өнімнің бір пайызына дейін жеткіземіз. Осы ретте біз ешкім оқы-

майтын, қажетсіз жұмыстар мен зерттеулерді қаржыландыруға жол бермейміз. Әрбір ғылыми жұмысқа қатаң талап қойылуға тиіс. Сондай-ақ оның нақты әлеуметтік-экономикалық, өндірістік және техникалық қайтарымы болуы қажет. Бағдарламалық-ғылымдық қаржыландыру тек ұлттық ғылыми-техникалық міндет тұрғысынан бөлінуге тиіс. Медико-биологиялық зерттеулер, агроөндірістік ғылым, «жасыл» технология, жасанды интеллект, энерготімділік сияқты салаларға ерекше мән беріп, қаржы бөлу керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысы коронавирус пандемиясының бүкіл әлемдегі денсаулық сақтау жүйесі үшін шын мәнінде ауыр сынақ болғанын атап өтіп, бұл ахуалдың Қазақстанда кәсіби дәрігерлердің тапшы екенін анық аңғартқанын жеткізді. Сондай-ақ бұған еңбекақының аздығы, мамандықтың беделді болмауы, дәрігерлер құқының қорғалмауы себеп болып отырғанын айтты.

– Түрлі сала мамандары ішінде ең төмен жалақыны дәрігерлер алады. Үкіметке биылдан бастап дәрігерлердің еңбекақысын кезең-кезеңмен арттыруды тапсырамын. Олардың айлығы экономикадағы орташа жалақыдан екі жарым есе артық болуы керек. Бұл көрсеткішке 2023 жылға қарай қол жеткізу қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент медицина инфрақұрылымын дамытуға байланысты бірқатар мәселені шешуді тапсырды.

– 2010 жылдан бері денсаулық сақтау саласы мен экстенсивті тиімділіктің кейбір бағыттарын оңтайландыруға баса мән бердік. Нәтижесінде 1000-ға жуық жұқпалы ауруларға арналған орын қысқарды. Биологиялық қауіп-қатерлерді ескере отырып, Үкімет белгілі бір бағыттар бойынша денсаулық сақтау жүйесіндегі рұқсат етілген артықшылық мәселесін қарастырып, оның қиын-қыстау жағдайларға дайын болуына қолдау көрсетуі қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Отырыс барысында Президент Үкіметке ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау ісінің тиімді үлгісін жасау шараларының орындалуын, санитарлық-эпидемиологиялық қызметті күшейтуді және институционалдандыруды қатаң бақылауға алуды, сондай-ақ, елімізді дәрі-дәрмектермен және медициналық жабдықтармен қамтамасыз ету мәселесін шешуді тапсырды.

– Бүгін мен негізгі әлеуметтік салаларды реформалауға арналған бастамалар жөнінде айттым. Бұл бастамалардың басым бөлігі Ұлттық кеңес мүшелерінің ұсыныстары негізінде жасалды. Осы шараларды тиімді жүзеге асырсақ, адами капиталдың сапасын айтарлықтай арттырамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында сөйлеген сөзінің толық мәтінімен мына сілтеме арқылы танысуға болады.

Akorda.kz

Алты мыңға жуық гүл отырғызылады



Нұр-Сұлтан қаласында гүлдер мен талдар отырғызу жұмыстары белсенді жүріп жатыр. 2020 жылы қалада алты млн-ға дейін гүл отырғызылады.

Қаладағы барлық ауданда жұмыс жүргізілетін болады.

«Біздің кәсіпорын қызметкерлері өз ісіне деген зор ықыласпен күні-түні жұмыс істейді. Оларға алғысым шексіз. Бұл жұмыс әркімнің қолынан келмейді, өйткені гүл отырғызу – зергерлік жұмыс секілді. Қаланы көгалдандыру мен гүл отырғызу үшін жан-тәнімізбен жұмыс істейміз. Біздің қызметкерлеріміз қала тұрғындарын қуанытып, жақсы көңіл-күй сыйлау үшін еңбек етуде», – деді «Астана-Зеленстрой» ЖШС бас директорының орынбасары Бибігүл Бектемісова.

Жұмысқа күн сайын 130 гүл өсіруші жұмылдырылады. Қызметкерлер қатаң санитарлық нормаларға сай жұмыс істейді.

«Менің басты міндетім – суару және гүлдерді күту. Жұмыс қиын, үлкен шыдамдылықты қажет етеді», – деді «Астана-Зеленстрой» ЖШС қызметкері Айгүл Жайлаубаева.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Алтынбек Қайсағалиев биыл көп жылдық гүлдерге басымдық берілгенін атап өтті.

«Үйеңкі, жөке, емен, сирень, талдардың өсуіне басымдық береміз, мамық шашатын терек түрін отырғызбаймыз», – дейді ол.

Елорданы көгалдандыру және абаттандыру мақсатында биыл 30 мың ағаш отырғызылады.

Елорда-инфо

Полиэтиленді құбыр шығарыла бастады




Кентау қаласында «АБН Альянс» ЖШС-ның полиэтиленді құбыр шығару цехы өз жұмысын бастады. Жобаның құны 600 млн теңгені құрайды.

Кәсіпорын жылына 1500 тонна құбыр шығаруға қауқарлы. Онда бүгінде 50 адам жұмыспен қамтылған. Аталған цех қаладағы тоқтап тұрған бұрынғы «Бетонзавод» ғимаратын сатып алып, құрал-жабдықтар орнату жұмыстарын жүргізіп, жобаны іске қосқан. Алдағы уақытта аталған ғимараттың ішінде «АБН Альянс» ЖШС радиатор шығару цехын іске қосу жоспарлануда. Жобаның құны – 1 млрд 200 млн теңгені құрамақ. Жоба толық іске асса, жылына 600 мың дана радиатор шығарылады деп күтілуде. Мұнда да 50 адам жұмыспен қамтылатын болады.

Бұдан бөлек мұнда темірбетон шығару цехын ашу көзделуде. Жобаның құны – 200 млн теңге. Кәсіпорында жылына 13500 дана темірбетон шығарыламақ.

turkistan.gov.kz

«Достық» орденін табыстады



ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин Қазақстандағы дипломатиялық миссиясын аяқтап жатқан ҚР-дағы Біріккен Араб Әмірліктерінің (БАӘ) Төтенше және Өкілетті Елшісі Мұхаммед Ахмед Сұлтан Иса Әл-Джаберді қабылдады.

А.Мамин М. Әл-Джаберге ҚР мен БАӘ арасындағы екі жақты қарым-қатынасты дамытуға қосқан қомақты үлесі үшін биылғы 6 мамырда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен тағайындалған II дәрежелі «Достық» орденін табыстады.

Үкімет басшысы БАӘ дипломатымен екі елдің сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығы мәселелерін талқылады.

БАӘ-дан ҚР-ға тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны \$2,1 млрд құрайды, ҚР-дан БАӘ-ге – шамамен \$1 млрд. Қазақстанда Әмірлік капиталының қатысуымен 342 бірлескен кәсіпорын тіркелген.

Кездесуге ҚР сыртқы істер министрі М. Тілеуберді қатысты.

primeminister.kz

Басшы өзінің қарамағындағыларға жауапты

Ерлан Тұрғымбаев Алматы қаласының Полиция департаментінің басшылығына қатаң шаралар қабылдады.

**Тоқнияз КУЧУКОВ,
Нұр-Сұлтан**

– Әрбір басшы өзінің қарамағындағыларға жауапты. Ол жеке құрам арасында тәртіп пен заңдылықты сақтауды қамтамасыз етеді, – деп атап өтті Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев.

– Бұл жұмыс Алматы қаласының Полиция департаментінде тиісті деңгейде ұйымдастырылмаған. Нәтижесінде біз бірден екі қызметкерден айырылып қалдық, бір қызметкер ауыр дене жарақатын алды. Біздің барлығымыз үшін, әсіресе, қайтыс болған офицерлердің туған-туысқандары үшін бұл – үлкен қайғы-қасірет және орны толмас қаза. Сондықтан бұл төтенше жағдайға жол берген басшыларға тиісті шаралар қабылданды. Ішкі істер министрлігі басшылығы алдағы уақытта да қызметтік тәртіпті сақтауды қатаң талап етіп, полиция қызметкерлерінің кез келген тәртіп бұзушылығына принципті баға беріп, жаңа жағдайда жұмыс істегісі келмейтін немесе жұмыс істей



алмайтын адамдардан өз қатарын тазалайтын болады.

ІІМ ағымдағы жылдың 25 мамырында Алматы облысындағы тосқауыл бекетінде орын алған қайғылы оқиғаның себеп-салдарын анықтады. Оқиға салдарынан екі полиция қызметкері аға лейтенант Жарас Жанғазиев және сержант Дастан Абдықанов қаза тапқан болатын. Жол-көлік оқиғасының себебі – жеке құрам арасында алдын алу жұмыстарында орын алған олқылықтар және құқық бұзушылық пен тәртіптік

теріс қылық жасаған қызметкерлерге қатысты дер кезінде тиісті шаралардың қолданылмауы. Сонымен қатар БАҚ-қа ақпаратты бұрмалап ұсыну фактілеріне баға берілді.

Қызметтік тексеру қорытындысы бойынша Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың бұйрығымен басшылық буындағы тоғыз қызметкерге қатысты тәртіптік жазалау шаралары қабылданды:

– Алматы қаласы ПД Патрульдік полиция полкі командирінің орынбасары, полиция подполковнигі



Куаныш Сатаев, ПД Кадр саясаты басқармасының бастығы, полиция полковнигі Олжас Мырзабеков, ПД Жеке құрам бойынша инспекция бастығы, полиция подполковнигі Арнұр Ақылбеков атқарып жүрген лауазымдарынан босатылды.

– Алматы қаласы ПД Жергілікті полиция қызметінің бастығы, полиция полковнигі Манап Саттаровқа (бұрын полк командирі қызметін атқарған), Өзіндік қауіпсіздік басқармасының бастығы, полиция подполковнигі Саламат Көкірекбаевқа, ПД бастығының

орынбасары, полиция полковнигі Әбдуали Нашарбековке қызметіне толық сәйкес еместігі ескертілді.

– Алматы қаласы ПД бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Нұрлан Алмасбековке, ПД-нің бөлім бастығы, полиция подполковнигі Салтанат Әзірбекке қатаң сөгіс жарияланды.

Алматы қаласы ПД-нің бастығы, полиция генерал-майоры Қанат Таймерденовке сеніп тапсырылған бөлімшенің қызметін ұйымдастырудағы кемшіліктері үшін қатаң сөгіс жарияланды.

Сарбаздардың жаңа легімен толықты

Төтенше жағдай аяқталғаннан кейін мерзімді әскери қызметін өтеу үшін Ұлттық ұлан қатарын сарбаздардың жаңа легі толықтыра бастады.



**Есенбол ИМАНҒАЗЫ,
Нұр-Сұлтан**

Олардың алғашқылары болып мамырдың 26 күні Ақмола мен Павлодар облыстарынан шақырылған 102 жалынды жігіт елордадағы 5573 әскери бөліміне табан тіреген. Жас буынның қатарға келіп қосылғаны да өз алдына тарихи бір сәт. Әскери оркестрдің сүйемелдеуімен саптық алаңда салтанатты жағдайда қарсы алынған әрбір сарбазды жаңа жанырынан жалынды оттың ұшқынын айқын аңғаруға болады.

Болашақ Отан қорғаушылар алдында әскери бөлім командирі, полковник Сәкентай Шекербеков сөз сөйлеп, жас сарбаздарды қатарға келіп қосылуымен құттықтады.

Арнайы сөз алған полковник әскери қызметтің маңыздылығына ерек-

ше тоқталып, Отан қорғау ер азаматтың қасиетті борышы екенін жеткізді.

Мемлекет басшысының Жарлығымен әскер қатарына шақыру биылғы жылдың тамыз айына дейін созылғаны белгілі. Алайда елімізде төтенше жағдай аяқталысымен, әскер қатарына шақыру мен белгіленген әскери қызмет мерзімін өтеген жауынгерлерді запасқа шығару жұмыстары жанданды. Мамырдың 26-сы мен маусымның 8-і аралығында Ұлттық ұланның 5573 әскери бөліміне 800-ден аса сарбазды шақыру көзделген. Сондай-ақ маусым айының соңына дейін Отан алдындағы борышын өтеген 750-ден астам жауынгерді запасқа шығарып, туған жеріне жіберу жоспарланған. Жаңа шақырылым қызмет орында-

рына Ұлттық ұланның қызметтік автобусымен, ал запасқа шыққандар келісім аясында азаматтық автобустармен жеткізілу үстінде. Ал 1 маусымнан бастап теміржол көлігі арқылы тасымалданбақ.

– Мен – Ақмола облысы Астрахань ауылының тумасымын. Елімнің азаматы ретінде Отан алдындағы борышымды өтеуді парыз санадым. Ұлттық ұлан қатарына «Алтыншы бекет» фильмін көргеннен кейін келуге бел будым. Фильм қаһарманының образы маған ерекше әсер етті. Оның шынайы кейпі болашақ Отан қорғаушыларға жақсы үлгі болады деген сенімдемін, – дейді қатарға жаңа келіп қосылып жатқан сарбаз Медет Жақсылықов.

Жалпы, маусым айының соңына дейін Ұлттық ұланға еліміздің барлық аймақтарынан 7 мыңға жуық жас буынды шақыру көзделсе, запасқа 6,5 мыңнан аса жауынгерді шығару жоспарланып отыр.

Айта кету керек, Отан алдындағы әскери борышын өтеуге келген сарбаздардың барлығы әскери бөлімдерге жетісімен, пандемияға байланысты ПТР-тестінен өтіп, 14 күн карантинге оқшауланады. Ал елордаға жеткен жас шақырылым жауынгерлер курсынан өткеннен кейін Әскери ант қабылдап, тек содан соң ғана Нұр-Сұлтан қаласында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау қызметіне кірісетін болады.

Бір минут үнсіздік

25 мамырда Көкшетау гарнизонының кешенді полиция күштерінің кешкі алмастырылуы бір минут үнсіздікпен басталды. Полиция қызметкерлері Алматы облысындағы өз әріптестерін – Жарас Жанғазиев пен Дастан Әбдіқановты еске алды.



**Әсем ӘБДІРАХМАНОВА,
Ақмола облысы**

Естеріңізге сала кетейік, қайғылы оқиға ағымдағы жылдың 25 мамырында таңғы сағат 6-да болған. 28 жастағы жүргізушінің басқаруындағы «BMW» маркалы автокөлігі тосқауыл бекетінің қоршауына соғылып, одан кейін автокөлік қасында тұрған патрульдік машинаны барып соққан. Жол-көлік оқиғасының салдарынан 42 жастағы патрульдік полицей

Жарас Жанғазиев алған жарақаттардан жедел жәрдем келгенше көз жұмды. Оның әріптесі Дастан Абдықанов аса ауыр халде жақын арадағы қала ауруханасына жеткізілгенімен, есін жимастан қайтыс болды.

Ақмола облысы Полиция департаментінің басшылығы мен жеке құрамы қаза тапқан әріптестерінің туыстарымен бірге қайғырып, олардың отбасыларына көңіл айтады.

Рахмет саған, Рахымжан

Отырар аудандық полиция бөлімінің қызметкері Рахымжан Ниязбекұлының ержүректігі мен батылдығын бүгінде жерлестері аңыз етіп жүр. Арыс өзенінде ағып бара жатқан қызды құтқарып қалған оның бұл әрекетін естігендер батырлыққа балайды.

**Қайрат ЗАЙНИШЕВ,
Түркістан облысы**

Бұл ерлігі үшін Рахымжан ел Президенті Қ.Тоқаевтың Жарлығымен «Ерлігі үшін» медалімен марапатталса, аудан әкімінің қолынан арнайы алғыс хатқа ие болды. Шені де өсіп, абыройы артқан.

– Жұмыс соңы жақындағанда қолымыздағы рацияны өткізіп, үйге қайтуға дайындалып жатқанбыз. Бір кезде өзенде қыздың ағып бара жатқаны туралы хабарлама түсті. Тез арада оқиға орнына жеттік. Қарап тұрған адам көп. Бірақ құтқаруға

ешкімнің батылы жетпеді. Содан құжаттарымызды әріптестеріміздің қолына ұстатқан күйі, киіммен суға секірдім. Қызға жеткен бойда ол бірден мойнымнан ұстай алды. Содан жүзіп отырып жыңғылдан ұстап, жағаға шығардым, – дейді Рахымжан сол күнгі оқиғаны еске алып.

Тәртіп сақшысы бала күнінде суға жүзуді жақсы меңгерген. Туған жері Қоғам ауылының іргесінде ағып жатқан өзенге шомылуға барып, армансыз жүзетін. Соның нәтижесі болар, суда жақсы жүзеді.

Рахымжан Ниязбекұлы Шымкент аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінде және Қостанайдағы академияда жоғары білім алған. Еңбек жолын Қостанай қаласында патрульдік полиция қызметкері болып бастаған ол кейіннен Отырар ауданына қызметін ауыстырады.

Қазіргі кезде Рахымжан – Отырар АПБ Көші-қон қызметі бөлімшесінің туристік полиция тобының инспекторы. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік меңгерген тәртіп сақшысы шетелдік туристер мен өзге өңірлерден келген қонақтарға қызмет көрсетуге әрдайым дайын. Бос уақытында өңірдің тарихын оқып, білімін жетілдіріп отырады.



Туристік бөлім қызметкерлері арнайы киім, қажетті техника және құрал-жабдықтармен толық

қамтылған. Тарихи нысандарды аралап жүруге өте ыңғайлы арнайы электромобильдермен жабдықталған.

ЖЕТИМ КӨРСЕҢ, ЖЕБЕЙ ЖҮР

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ҚАЖД ЕС-164/3 мекемесінің қызметкерлері Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында Петропавл қаласы «Балалар үйі» КММ-де болып қайтты.

Әсел ЖАҚСЫБАЙ,
СҚО

Жыл сайын СҚО бойынша ҚАЖД ЕС-164/3 мекемесінің қызметкерлері балалар үйіне көмек қолын созып, бүкіл ұжым атынан жылудық пен мейірімділікті мейілінше төккісі келеді. Ал биыл өкінішке орай, карантинге байланысты тәрбиеленушілермен кездесу мүмкін болмады. Бірақ мейірімге толы жүрек иелері балалар үйінің ойын алаңын абаттандыруға көмек көрсету туралы шешім қабылдап, бірден іске кірісіп кеткен. Қызметкерлер аула ішін әрлеп-сырлаумен қатар, тазалық жұмыстарына да ерекше ден қойды.

Балалар – әр ересек адамның өмірін шынайы қуаныш пен жылулыққа толтыра білетін бақыттың өзі. «Бала – ата-аның бауыр еті» деген ғой дана қазақ. Ал мейірімге мұқтаж болған балалар үйіндегі сабилердің жан-жүрегі жаралы, төзімділік пен мұңға толы екені айтпаса да, түсінікті. Жаратылысынан ұзына жарымай, жетімдік тағдырдың кермек дәмін татып өсіп келе жатқан бұл балаларға қанша ықылас, мейірім төсек те артық болмас. Тіпті жетім баланың

шашынан бір сипасаң, қанша тал шашы болса, соншалықты сауапқа батасың деген мұсылмандық нақ қағида да есі барды ойландырмай кете алмайтындығы ақиқат.

– «Жетім көрсен, жебей жүр» деген халық даналығы да осыдан шықса керек-ті. Бұл өмірге шыр етіп келген әр бала бақытты болу үшін жаралған. Түріне, тіліне, діліне қарамай-ақ, әр баланың бір ғана тілегі – ата-анасының амандығы, бейбіт таңның ата беруі. Балаларды қорғау күні әр балаға мықты отбасы мен алаңсыз бақытты балалық шақ үшін қажеттінің барлығын тілейміз. Балалардың күлімісіреген жүздерінен біздің жер беті, тұтас ғаламшар жарықтана түсетінін сеземіз. Ендеше, жер шарының әрбір кішкентай тұрғындарының дені сау, болашағы жарқын болса екен, – дейді СҚО бойынша ҚАЖД ЕС-164/3 мекемесінің бастығы, әділет полковнигі Тамирлан Валиев.

Мекеме бастығы ерекше толқыныспен сөз алып, балалар құқығын қорғау күнімен құттықтады. Сондай-ақ ұжым басшылығы өз кезегінде мекеме ұжымына көрсеткен көмегі үшін алғысын білдіріп, қызметте табыс тіледі.

Халықаралық үлгідегі сертификаттарға ие болды



Павлодар облысы бойынша ҚАЖ департаментінде Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті мен БҰҰ ЕҚБ-ның «Экстремистік және террористік қылмыстар үшін сотталғандармен жұмыс жасауды қолдау» бағдарламасы аясында пилоттық мекемелердің қызметкерлері біліктіліктерін арттырып қайтты.

Мырзабек ТҮЙҒАНОВ,
Қостанай

Қызметкерлерді оқыту Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының қашықтықтан оқыту платформасында Павлодар облысы бойынша ҚАЖД басшылығы мен ұлттық сарапшылар К.Алина және Н.Фесенконың қолдауымен ұйымдастырылып, өткізілді.

Курс аясында сотталғандарды оңалтудың жаңа тәсілдерін іздеудің перспективаларын ашатын теологиялық, психологиялық және құқықтық сипаттағы мәселелер зертеліп, талқыланды. Онлайн форматқа қарамастан, оқытушылар теориялық және практикалық сабақтарды тиісті деңгейде ұйымдастыра алды.

Ағымдағы жылдың сәуір айында БҰҰ ЕҚБ бағдарламасының халық-

ралық үйлестірушісі Мәдина Сариевамен келісім бойынша БҰҰ-ның Қамаудағы адамдармен қарым-қатынастың ең төменгі стандарттық ережелері – Нельсон Манделаның ережелері интерактивті электронды оқу курсы Академияның қашықтықтан оқыту жүйесіне енгізілді. Олар қамаудағы адамдарды ұстау қауіпсіздігі мен адамгершілік жағдайларын қамтамасыз ету үшін заманауи ғылыми жетістіктер мен пенитенциарлық мекемелердің ең үздік тәжірибесін ескереді.

Академияның әдістемелік және техникалық қолдауы Павлодар облысы бойынша ҚАЖ департаментінің 126 қызметкеріне Нельсон Манделаның ережелерін оқып үйренуге және халықаралық үлгідегі сертификаттардың иегері болуға мүмкіндік берді.

Қауіп қайдан деменіз

Жақында «Қазақстан Республикасы ІІМ Емханасы бар Орталық госпиталі» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері коронавирустық инфекцияның алдын алу және қауіпті факторларды төмендету мақсатында Нұр-Сұлтан қаласы Мамандандырылған күзет қызметі басқармасының қызметкерлерінен диагностикалық тест-жүйесі бойынша сынама алды.



Бауыржан БЕРІКҰЛЫ,
Нұр-Сұлтан

Желдің өтінде жүріп жұмыс атқарған жандардың жағдайы айтпаса да, түсінікті. Кеселді жұқтырып алған жоқпыз ба деп те уайымдайтындыра белгілі. Әрине, адам бойында қорқыныш, үрей мүлдем болмаса, жағдайдың шын мәнінде қалай болып тұрғанын бағалай алмайды. Көшеде емін-еркін жүріп, өзінің де, өзгенің де өміріне қатер төндіретін сөзсіз. «Жақсы сөз – жарым ырыс» дегендей, Мамандандырылған күзет қызметі басқармасының психолог мамандары да аталмыш мәселе бойынша қызметкерлердің рухын биіктетіп, сенімдерін арттыру үшін өз білгендерімен бөлісіп, көмектесіп жатыр екен.

Өйткені Нұр-Сұлтан қаласының Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы Қазақстан Республикасының Қаулысына сәйкес елорданың 59 нысанның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Олардың ішіне тексеріс іс-шаралары жүзеге асырылатын тіршілікті қамтамасыз ету нысандары, Нұр-Сұлтан қалалық соттары және прокуратуралары, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі кіреді.

Нұр-Сұлтан қаласы МКҚБ Кадр саясаты бөлімінің бастығы, полиция майоры Ғабит Сейтімбетовтің айтуынша Қазақстан Республикасында төтенше жағдай енгізілгеннен кейін МКҚБ жеке құрамы қызмет өткерудің күшейтілген түріне көшіріліп, рұқсаттама және нысанішілік режимдер күшейтілген. Осыған орай өздерінің

функционалдық міндеттерін орындау кезінде жеке құрам жұқпалы ауру инфекциясын жұқтырушы болуы мүмкін тұлғалармен байланыста болуды деген сөз. Мысалы, МКҚБ қызметкерлері қызмет атқарып тұрған Орталық сайлау комиссиясы күзетілетін нысаны карантинге жабылды, сондай-ақ аталмыш кесел Астана-Энергия «ЖЭО-2» нысанындағы жұмысшылардан табылған.

Нұр-Сұлтан қаласы МКҚБ-ның жеке



құрамы арасында коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу және профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы бастығының орынбасары Салтанат Ықыласова және Ішкі істер министрлігі госпиталінің учаскелік терапевт-дәрігері Жанбота Қасабекова шақырылды.

– Қытайдан басталған «аты жаман» кеселдің таралуынан бастап ақ халатты абзал жандар елімізде аурудың

алдын алуға және таратпауға барын салуда, індетпен күресуде ауқымды жұмыс атқаруда. Біз де коронавирус инфекциясының алдын алу үшін және қауіпті факторларды болдыртпау мақсатында Нұр-Сұлтан қаласы МКҚБ-ның барлық қызметкерлерінен диагностикалық тест-жүйесі бойынша сынама алып жатырмыз. Өйткені қазіргі таңда жаппай тест жүргізу өзекті болып тұр. «Сақтанғанды – сақтайды» деген сөз бар емес пе, әлемді шарлаған індеттің кесірінен көптеген адамдар әлі де зардап шегуде. Тіпті өліп кетіп те жатыр. Бұл – бей-жай қарайтын нәрсе емес. Сондықтан да біз карантин кезінде үнемі халықтың ортасында жүрген және ел тыныштығына әрқашан да сергек қарайтын сақшыларымыздың қауіпсіздігіне алаңсыз қарап отыра алмаймыз. Кесепат кеселдің кесірі көпке тимесе екен дейміз, – деді ҚР ІІМ Емханасы бар Орталық госпиталінің дәрігер-лаборанты Дилорам Бейсенова.

Сондай-ақ арнайы шақыртылған мамандар таңғы нұсқамада МКҚБ жеке құрамына дезинфекциялық іс-шараларды жүргізу және коронавирус инфекциясынан қорғану амал-тәсілдерін түсіндіріп, қауіпсіздік шараларын ұстану шартта-

рын пысықтады.

Ата заңымыздың бірінші бабында «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі» деп көрсетілген. Бұл – еліміз үшін әрбір адамның саулығы мен салауатты өмірінің бірінші сатыда тұратынын аңғартады. Себебі әрбір адам, әрбір отбасы – халықтың, ал халық – мемлекеттің басты негізі. Адамзатқа ауыр батпандай батып тұрған бұл індетті тек халқымыздың төзімділігі, ерік-жігері және өзіне деген зор сенімнің арқасында ғана жеңіп шығатынымыз анық. Бұл күндер де артта қалар.

Полицейлерге қолдау

Қоғамның тыныштығы мен қауіпсіз тіршілік кешуін қадағалауда тәртіп сақшыларының атқарып жатқан жұмысы сырт көзге көрінбегенімен, ұшан-теңіз.

Гүлжахан ҚАЙЫРБЕРГЕНОВА,
Қызылорда облысы

Қызылорда облысының тәртіп сақшылары да төтенше жағдай кезінде күндіз-түні тынымсыз қызмет атқарды. Олардың бірқатары апталап, айлап үй бетін көрмеді. Яғни отбасының ортасында, ыстық астан дәм татпай, жайлы төсекте тынықпаған кездері көп болды.

Барша елді алаңдатқан індетпен күресте жүрген тәртіп сақшыларының ауыр жұмысын көріп, өңірдің кәсіпкерлері қол қусырып отыра ал-

маған болатын. Атап айтқанда, ағайынды Арман Иса, Берік Омаровтар және облыстың басқа да кәсіпкерлері еріктілермен бірге «BizBirgemiz» қайырымдылық акциясына белсенді қатысты. Олар облыс аумағындағы бірнеше санитарлық бекетті аралап, ерекше режимде жұмыс жасап жатқан полицейлерге қолдау білдірді.

Бизнес өкілдері тәулік бойы қалтқысыз қызмет еткен полиция қызметкерлеріне ыстық тамақ жеткізіп берді.

– Біз еріктілер тобы болып полицейлерді қолдауды шештік. Акцияға

қатысу арқылы халықтың тәртіп сақшыларына тілеулес екенін көрсеттік. Тәулік бойы қызметте жүрген полиция қызметкерлеріне деген алғысымыз ерекше, – дейді акция ұйымдастырушылары.

Қызылорда облысы Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Шамшидин Амитов полиция қызметкерлерінің көлікпен, қажетті арнайы қорғаныс құралдарымен, ыстық тамақпен, планшеттермен қамтамасыз етілгенін тілге тиек етті.

Сондай-ақ ол кәсіпкерлерге қолдау көрсеткені үшін алғысын жеткізіп, оларға денсаулық және амандық тіледі.

Соңғы қоңыраумен құттықтады

Ақтөбе облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің басшылығы карантин мезгілінде сотталғандардың туысқандарымен байланысын үзбеуі үшін оларды жақын адамдарымен «Skype» арқылы байланыстыруды ұйымдастырып тұрады.

Гүлфайруз ТӨРЕМҰРТОВА,
Ақтөбе облысы

Осындай керемет мүмкіндік бүгін аталған департаментке бағынысты КА-168/1 мекемесінде жазасын өтеп жатқан сотталған Т.Т-ға бұйырды. Оның ата-анасы мен бала-шағасы

Нұр-Сұлтан қаласында тұрады.

Шалыс басқан қадамы үшін тергеу қамауында жазасын өтеп жатқан сотталушының жақындарымен кездесу үшін дәл осы күнді таңдауы бекерден-бекер емес. Себебі, бүгін оның үш бірдей баласы: 7-ші, 5-ші

сыныптарды және мектеп алды даярлық тобын аяқтады.

Әке үшін бауыр еті – баласы қаншалықты ыстық болса, балалары үшін де әкенің орны бөлек. Жырақта жазасын өтеп жүрген әкесінің мейірімі мен аялы жанарын аңсап жүрген балалар үшін, мейлі, тіпті құрылғының бетінен бет-жүзін бір көру үлкен қуаныш сыйлайтыны анық.

Балаларын оқу жылының аяқта-

луымен құттықтап, әрі жарымен сөйлесіп және ата-анасымен бейнебайланыс арқылы кездескен жазасын өтеуші олардың жағдайларының жақсы екенін өз көзімен көріп, көңілі бір орнығып қалды.

Өз кезегінде сотталғанның анасы карантин жағдайындағы кедергілерге қарамастан, қамауда отырған баласымен жүздестіргені үшін түрме әкімшілігі мен департамент

басшылығына аналық алғысын айтты.

– Жаза өтеу орны болса да, қамаудағы баламызға осындай жағдай жасап, карантин кезінде бізбен сқайп арқылы кездесуге мүмкіндік жасап отырған департамент пен мекеме басшыларына аналық алғысымыз айтамын. Алладан қайтсын. Отбасыларына бақыт тілеймін!, – деді көзіне жас алған ана.

Бауыржан ЖАНАЕВ:

«Қылмыс азайып, ашылуы артып келеді»

Бауыржан Жанаев 1982 жылы Түркістан облысының Мақтаарал ауданы Қызылқұм ауылында дүниеге келген. Қазақ гуманитарлық заң университетінің түлегі еңбек жолын 2004 жылы Шымкент қаласында тергеуші болып бастайды. 2007-2011 жылдардың аралығында облыстық ІІД Ұйымдасқан қылмыстарға қарсы күрес басқармасында қызмет атқарса, 2011 жылы Мақтаарал аудандық ІІБ криминалдық полиция бөліміне басшылық жасаған. 2012-2014 жылдары осы аудандағы басқарма бастығының бірінші орынбасары, 2014 жылы облыстық Есірткіге қарсы күрес басқармасының Оңтүстік бөлімінің басшысы, 2017 жылы Сайрам АПБ бастығының бірінші орынбасары қызметтерін атқарған. Кейіннен Мақтаарал, Жетісай аудандары мен Түркістан қалалық полиция басқармасына басшылық жасайды. Жас болса да жұмыс тәжірибесі мол полиция подполковнигі қазіргі кезде Төлеби аудандық полиция бөлімінің басшысы қызметін абыроймен атқаруда. Бүгінгі сұхбатымыздың барысында таулы аймақтағы тәртіп сақшыларының жұмысымен жан-жақты таныстық.

– Бауыржан Дәулетханұлы, Төлеби аудандық полиция бөлімінің басшысы болып тағайындалғаныңызға да жылға жуық уақыт болыпты. Осы уақыт аралығында өңірде қандай жұмыстар атқарылды?

– Ия, өткен жылы 1 маусымда осы қызметке тағайындалған болатымын. Содан бері жеке құраммен бірге қылмыстың алдын алу, қоғамның тыныштығын сақтау бағытында қызмет етудеміз. Ең алдымен аудан әкімінің қолдауымен аудандық полиция бөлімінен халықтық кеңсе ашылды. Қазір мұнда жергілікті тұрғындарды қабылдап, шағымдарын тыңдау, кеңес беру секілді іс-шаралар атқарылуда. Өзім де жеке қабылдаулар өткізіп тұрамын. Одан бөлек ғимараттың кіреберістері ретке келтіріліп, стационарлық пост іске қосылды. Бүгінде ауданда 120 мыңға жуық тұрғын бар. Баршасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету – полиция қызметкерлеріне жүктелген негізгі міндет. Сондықтан елді мекен, ауыл-аймақты аралап, халықпен жиі кездесіп тұрамын. Аудан аумағындағы металл, аккумулятор қабылдайтын кәсіпкерлерге ұрланған затты біле тұра қабылдамауы керектігін ескерттік. Пошта, ломбард секілді ақша айналымы бар орталық басшыларына және өзге де бизнес өкілдеріне қауіпсіздікті сақтау мақсатында ғимараттарына бейнебақылау орнатып, темір есік, торлы терезе және дабыл жүйесін

орнатуды ұсындық. Күзет қызметіне де жол-көлік қозғалысын бей-берекет бұзбау, қаруды өздерімен бірге үйге алып кетпеу, қылмыскерлерді ұстаған жағдайда бірден бізге өткізу керектігі сияқты түсіндіру жұмыстарын үнемі жүргізіп отырамыз. Үйінде қару ұстауға рұқсаты бар азаматтарға, қаруды сақтау мен алып жүру ережелері түсіндірілді және заңдағы толықтырулар мен өзгертулер толық түрде таныстырылды.

Мал базары иелеріне құжаты жоқ төрт түлікті сатпау керектігі де қатаң ескертілді. Ет өнімдерін сатушыларға, ет тасылмалдаушыларға, қасапшыларға жеке-жеке жолығып, төрт түлікті сырғалану тәртіптері, таңбалануы, құжаттандырылуы бойынша кеңестер берілді.

Көлік жүргізушілері мен ауыл тұрғындарына жол-қозғалысын сақтау бойынша үгіт материалдары таратылды. Алкогольдік ішімдік ішіп, рөлге отырмау қажеттігі, дүкендердің заңға сәйкес жұмыс істеу кестесі барынша түсіндірілді. Сондай-ақ ауыл ақсақалдарымен жолығу барысында малдарын қараусыз қалдырмау керектігін де айттық. Себебі, қараусыз қалған төрт түлік тез ұрланады, әрі жолда алатық жағдай туғызады. Осы мақсатта арнайы роликтер түсіріліп, әлеуметтік желілер арқылы таратылды.

Бүгінгі таңда ауданда 68 мектеп, бес интернат және үш колледж бар. Барлық мектеп директорлары мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларын, психологтар мен ата-аналар комитетінің төрағаларын жинап, жастар тәрбиесін жан-жақты пысықтадық. Жаппай түнгі рейдтерге шықтық. Өз басым үш колледж бен мектеп-интернаттарды жеке-жеке аралап, студенттермен кездестім. Жастар арасындағы қылмыстың алдын алу бойынша бейнероликтер көрсетіп, түсіндіру жұмыстарымен таныстырдық. Бұрын сотты болғандармен де сөйлесіп, бақылау жұмыстарын тұрақты жүргізіп жатырмыз.

Төлеби ауданы тау баурайында орналасқандықтан, мұнда демалыс орындары өте көп. Жазғы маусымда бір күнде шамамен 5-10 мыңның аралығында демалушылар келеді. Баршасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету – біздің міндетіміз. Аз ғана уақытта атқарылған жұмыстардың нәтижесі де көріне бастады. Халықтың да көзқарасы жақсы деп айта аламын, жылдық есеп беру жиынына қатысқан тұрғындар жұмысымызды жоғары бағалап, ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын айтты. Төлеби аудандық полиция бөлімінің жеке құрамында білікті де, білімді мамандар көп. Баршасы ел үшін, халықтың қауіпсіздігі мен қоғамның тыныштығы үшін аянбай еңбек етіп жүр.

– Қылмыстың қай түрі бойынша көрсеткіштер төмендеуде?

– Биылғы жылдың төрт айындағы көрсеткіштерге тоқталар болсам, жалпы ауданда 120 қылмыс тіркелді. Бұл көрсеткішті өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырар болсақ, 30,2 пайызға төмендегенін байқаймыз. Ал ұрлық 75-тен 46-ға төмендеді. Соның ішінде пәтер ұрлығы 27-ден 8-ге, мал ұрлығы 4-тен 2-ге түсті. Бұзақылық 10-нан 6 пайызға азайды. Жалпы, барлық қылмыс бойынша төмендеу бар. Ашылу көрсеткіші де артып келеді. Ал алаяқтық 18,2 пайызға жоғарылап отыр. Әсіресе, интернет алаяқтары көбейіп жатыр. Осы жайтты ескере отырып, алаяқтардан сақтану керектігін айтып, халыққа кең көлемде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз.

– Елде жарияланған төтенше жағдай кезінде тәртіп сақшылары тәулік бойы қызметімен көрінді. Жалпы, сіз басшылық жасап отырған полиция бөлімінің осы бағыттағы жұмыстарына тоқталып өтсеңіз...

– Елде төтенше жағдай жарияланғаннан бері қоғамдық тәртіпті қүзету күшейтілген режимге көшті. Ауданның шекаралық аймағында бес тосқауыл бекеті орнатылды. Карантин кезінде жеке құрам ауыл ішіндегі көшелерді жауып, карантин талаптарының сақталуын күнітүні қамтамасыз етті. Қазіргі кезде ауылдағы бекеттер алынғанымен, инфекция анықталған нүктелер қатаң бақылауда. Онда тәулік бойы қадағалау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қызметкерлердің ешбірі еңбек демалысына шыққан жоқ. Барлығы күшейтілген режимде қызмет атқаруда.

– Ауданда су тасқыны орын алған тұста да тәртіп сақшыларының еңбегіне халық ризашылықтарын білдірді. Көпшілікті қауіпсіз жерге көшіру ісіне атсалысып жүрген полиция қызметкерлері туралы бейнебаяндар желіде жарияланып, жұрттың ықыласына ие болып жатыр. Жалпы, сел жүрген аумақта қанша қызметкер жұмыс жасады?

Ауданда қатты сел болған кезде су шайып кеткен жерлер болды. Сол күні түнде бүкіл жеке құрам қызметкерлері халықты апаттан құтқару жұмыстарын атқарды. Эвакуация жұмыстарын жүргізіп, тұрғындарды арнайы жасалған орталықтарға жеткізді. Ұрлық қылмыстарын болдырмау мақсатында полиция қызметкерлері екі ауысымда жұмыс істеп, бос қалған үйлерді жеке-жеке күзетті. Қазығұрт, Ордабасы, Сайрам аудандық полиция бөлімдерінен қосымша 10 қызметкерден көмек келді. Тасқын судан төрт көпір жарамсыз күйге түскен болатын.

Тәртіп сақшылары автокөліктердің қақтығыспауын, кептелістің болмауын қадағалады. Жеке құрам жүз пайыз жоғары деңгейде жұмыс жасады. Нәтижесінде ешқандай келеңсіз оқиғалар тіркелген жоқ. Ұрлық қылмыстары мен жол-көлік оқиғасы орын алмағаны белгілі болды.

– Еңбек жолыңызда көптеген жауапты лауазымдарда қызмет етіпсіз. Жалпы, жұмыс барысында кездескен қылмыстық оқиғалардың бір-екеуіне тоқталып өтсеңіз.

Жұмыс барысында көптеген оқиғаларға кезігіп жатамыз. Ашылған қылмыстар да көп. Есірткі тасымалдаушыларға тоқтау қойған кездеріміз де болды. Мысал ретінде айтар болсам, ол кезде Мақтаарал ауданында қызмет атқаратынымын. Шекарада жүкті әйелдердің есірткіні тоқ ішегіне салып өтіп жүргені жөнінде ақпарат түсті. Шұғыл әрекет етуіміздің арқасында есірткі тасымалдаушыны құрықтадық. Аса ірі көлемде есірткі заты тәркіленді. Мақтаарал ауданының тұрғыны 15 жылға бас бостандығынан айрылып, жазасын өтеу барысында босанды. Кейіннен дәл осы жағдай бойынша Келес ауданының азаматшасы да құрықталды. Шекарадан өту барысында аса үлкен есірткі заты тәркіленді. Ол да жүкті болатын. Жалпы, жүкті әйелдерді шекарада көп тексермейді. Себебі, лазерлік аппарат іштегі балаға кері әсер ететіндіктен, оларға қолданылмайды. Осыны ескерген есірткі тасымалдаушылар жүкті әйелдерді көп пайдаланатын.

– Жас болсаңыз да, бас болып жүрген азаматсыз. Жалпы, басшы болу қиын ба?

– Мен өзімді басшымын деп санамаймын. Менің мақсатым – жүктелген жауапкершілікті адал атқарып, елге қызмет ету. Кез келген уақытта жеке құраммен бірдей қызмет етемін. Біздің жұмыс басқа салалар секілді емес. Сенбі, жексенбі – демалыс деген ұғым мүлде жоқ. Әрбір істе адам тағдыры тұрғандықтан, тәулік бойы өзімізге жүктелген міндетті адал атқарып келеміз.

– Бос уақытыңызды қалай өткізесіз?

– Бос уақыт деген көп бола да бермейді. Дегенмен, қолымыз қалт ете қалса, спортзалға баруға асығамын және кітап оқуды құп көремін.

– Спорттың қай түрімен шұғылданасыз?

– Бұрынырақ еркін күреспен шұғылданғанмын. Кейіннен бәсеінде суға жүзумен айналыстым, фитнеске бардым. Арасында көкпар шауып тұрамын. Салым салған кездерім де болып тұрады. Қазір өзімізге белгіленген спорт күндері футбол



ойнап жүрмін. Спортты тастаған емеспін. Барлығы өзім үшін.

– Қандай кітап оқып жүрсіз?
– Абай жолын 9 сыныпта оқып қойған болатынмын. Қазір қайта қолға алдым. Одан бөлек Б.Момышұлы атамиз жайында жазылған кітаптарды оқып шықтым. Қазір көбінесе өз-өзімді жетілдіретін мотивациялық кітаптарды оқып жүрмін. Жалпы, бір кітаптың адам өміріне өзгерістер енгізуге себеп болып жататыны рас. Ал сол бір кітапты табу үшін мың кітап оқу керек деген сөз бар. Сондықтан көпшілікті кітап оқуға және спортпен шұғылдануға шақырамын.

– Отбасыңыз жайында айтып өтсеңіз?

– Ата-анам, әжем бар. Барлығы ауылдағы қарашаңырақта тұрып жатыр. Әжемнің жасы 83-ке келді. Сол кісінің қолында өстім. Тәлім-тәрбиесін алып, ер жеттім. Қазір жанұялымын.

– Полиция қызметкерлерінің төл мерекесі де жақындап қалды. Кәсіби мереке қарсаңында қандай іс-шаралар атқаруды жоспарлап отырсыздар?

– Қазір елде карантин режимі аяқталған жоқ. Сондықтан ауқымды іс-шара атап өту ойымызда жоқ. Дегенмен Түркістан облыстық полиция департаментінің бастығы, генерал Қайрат Дәлбековтің қолдауымен аудандық полиция бөлімінің жанынан ату ТИР-ін, мәжіліс залын қайта жөндеуден өткізіп отырмыз және бөлім ауласынан шағын футбол алаңын жасактап жатырмыз. Шағын кәсіптік шаралар ұйымдастырылуы мүмкін.

– Сөз соңында айтарыңыз?

– Барлық адамзатты қауіпсіздікті қатаң сақтауға шақырамын. Қылмыстың алдын алу мақсатында ғимараттардың бәріне бірдей дабыл қаққыштар мен бейнебақылау орнату қажет. Қазір елімізде алаяқтардың түрі көбейіп жатыр. Сондықтан сенімге кіріп, алдап кетушілерден сақ болыңыздар. Тәртіп пен заң – бәрімізге ортақ!

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбатты жүргізген Қайрат ЗАЙНИШЕВ

400-ге жуық өтініш қаралды

31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Бұл күні бүкіл ел саяси қуғын-сүргін құрбандары болған отандастарымызды еске алады. Деректерге сүйенсек, бір ғана Қазақстанда 103 мың адам тұтқындалып, оның 25 мыңнан астамы ату жазасына кесілген.

Гүлжахан ҚАЙЫРБЕРГЕНОВА, Қызылорда

Жазықсыз жазаға тартылғандар туралы сыры ашылмаған тарихи құжаттарды және басқа да ақпараттарды қолжетімді ету мақсатында Ішкі істер министрлігінде маңызды бар «Мемориал» сервисі құрылды.

Қызылорда облысы бойынша «Мемориалға» 6 мыңға жуық адамның қуғын-сүргінге ұшыраған мәліметтері туралы ақпарат енгізілді.

2014 жылы Қызылорда облысының Полиция департаменті, Қы-

зылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаментінен Сот органдары ақтаған, қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарға қатысты қылмыстық істер, сонымен қатар Ұлы Отан соғысы кезінде тұтқынға түсіп, Германиядан келген бұрынғы КСРО азаматтары туралы іріктелген, трофейлік материалдар қабылданды.

Сол уақыттан бері Қызылорда облысы Полиция департаментіне қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың туыстарынан, ғалым-зерттеушілерден, мұрағаттар мен мем-

лекеттік органдардан көптеген өтініштер мен сұрау салулар келіп түсіп, оның 400-ге жуығы оң нәтижесін тапты.

«Мемориал» сервисіне енгізілген ақпараттар қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың туған жылы, тұрғылықты жері, тұтқындалған уақыты, сотталғандығы және ақталғандығы жөніндегі мәліметтерді құрайды.

Бұл ақпараттар туыстарының тағдыры туралы мәліметтер іздеген азаматтарға, сонымен қатар тарихи ақпаратты толығымен қалпына келтіру үшін ғалымдарға, тарихшыларға, журналистерге қажет.

«Мемориал» сервисінің әлеуметтік-саяси маңыздылығы Қызылорда облысының және Қазақстанның басқа да өңірлерінің, сонымен

қатар ТМД елдерінің тұрғындарынан келген хаттарында аталып өтуде.

– Мысалы, облыс тұрғыны Полиция департаментіне жақын туыстарына қатысты мәлімет беруді сұрап хат жазған. Мұрағаттық құжаттарды зерделей отырып, бұл азаматқа қажетті мәліметтер берілді. Алған ақпараттар негізінде оның бастамасымен Қызылорда облысының Қармақшы ауданында саяси қуғын-сүргін құрбандары Ахмет Тұрғамбаев, Тыныштыбай Жайшылықов, Сүйіндік Бекмұрзаев және Жұқа Түрбаевқа арналған ескерткіш орнатылды, – дейді Қызылорда облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Жарас Оспанов.

Жақын туыстарының саяси қуғын-сүргінге ұшырап, өмірдің қиын кезеңін бастан кешірген тағдырлары туралы мағлұмат ізде-

ген тұлғалар үшін осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

Қазіргі таңда ішкі істер органдарында жедел-тергеу және іздестіру шараларын жүргізу және басқа да қызметтік мәселелерді шешу үшін құқық қорғау органдары қызметкерлеріне қажетті кең көлемді жедел-іздестіру және анықтамалық ақпараттар деректері жинақталған.

Ақпараттандыру және байланыс басқармасының арнайы мемлекеттік мұрағаты – ішкі істер органдары жүйесіндегі көп қызмет атқаратын күрделі құрылым. Жеке құрам бойынша ұзақ мерзімді сақтауға жататын, оның ішінде ғылыми-практикалық, тарихи маңызы бар 25 мың дана құжат сақтауда тұрған арнайы мемлекеттік мұрағаты Ақпараттандыру және байланыс басқармасы жұмысының негізгі бөлігі болып табылады.

Жас ғалымның бағындырған белесі



2020 жылы 13-17 наурыз аралығында Нұр-Сұлтан қаласында ТМД елдерінің ғылыми-білім беру мекемелері жас ғалымдарының қатысуымен онлайн конференция өтті.

**Әділет ЖАҒЫПАР,
Қарағанды**

Бұл жас ғалымдарға арналған ғылыми іс-шара «Бөбек» жалпыұлттық қозғалысы қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігі мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Мемлекет тарихы институты» және «Қазақстан ғалымдарының конгресі» қауымдастығы, «ISA халықаралық студенттер» қауымдастығы қолдауымен өткізілді.

Аталмыш конференцияның ұйымдастыру комитеті ТМД елдері жас ғалымдарының ғылыми жобасын қаңтар айының басында қабылдаған болатын. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы I Халықаралық кітап басылы-

мының «Үздік жас ғалым-2020» бүкіл ТМД мен Еуропаның ғылымды және жеке жас ғалымдарын насихаттауға бағытталған бірегей жоба болып табылады.

«Үздік жас ғалым-2020» жобасының мақсаты – ТМД елдерінің I Халықаралық кітап басылымының ғылыми базасын қалыптастыру мен ТМД және Еуропа елдері ғылыми-педагогикалық қоғамдастықтарының ақпараттандырылуын айтарлықтай кеңейтуге ықпал ету арқылы ғылымның дамуын көздейді.

Халықаралық интеграция шеңберінде ғылымды одан әрі дамыту үшін бұл жобаға Қазақстан, Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Беларусь және тағы басқа елдердің жас ғалымдары қатысты. Осы ғылыми іс-шараның жеңімпаздарын анықтау мақсатында құрылған қазылар алқасының құрамында Қазақстан Республикасы мемлекеттік Елтаңбасының авторы Жандарбек Мәлібеков және әр елдің ғалымдары мен т.б.

тұлғалар болды.

Осындай додалы жобаның бәсекесіне Қазақстан Республикасы ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ҒЗИ ғылыми қызметкері, гуманитарлық ғылымдар магистрі, полиция аға лейтенанты Құлынтай Монай қатысып, «Үздік жас ғалым-2020» I дәрежелі дипломымен және медалімен марапатталды.

Жас ғалым Құлынтай Монайдың «Жаһандандудың ұлттық құндылықтарға кері әсері» атты ғылыми жобасы бүгінгі таңдағы өзекті де өткір тақырыпқа арнап жазылған. Автор мақаласында ХХІ ғасырдағы жаһандану заманында әлеуметтік-экономикалық тың белестерге, жаңа индустриялық сатыларға ұмтыла отырып, табанымызға тірек болар тұғырды ата-баба жерінен, көңілімізге де-меуді ұлттық мәдениетімізден, дінімізден, тарихымыздан іздей отырып қарастырады.

Жас ғалымға шығармашылық шыңдарды бағындыруға жемісті жұмыс тілейміз.

Бейбіт жиналыстар туралы заң – уақыт талабына сай батыл қадам

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйекте Қазақстан халқына арнаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында елімізді дамудың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отырғанын атап айтқан болатын. Ал реформаны, оның ішінде экономиканы реформалауды елдің қоғамдық-саяси өмірін жаңғырту арқылы ғана іске асыруға болатынына тоқталды.

Мемлекеттің қоғамдық-саяси өмірінде азаматтардың өз ойлары мен ұстанымдарын жеке немесе топтасып білдіруі ерекше орын алады. Ол, негізінен бейбіт жиналыстар арқылы жүзеге асырылады. Бұл әлемде кеңінен таралған және адам құқықтары мен бостандықтарына байланысты халықаралық құжаттарда шешімін тапқан.

Қазақстанда бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізуге азаматтық қоғам институттары белсене араласуда. Ол жылдан-жылға сан және сапалық тұрғыдан өсіп, күш алып маңызды мәнге ие болып келеді.

Біздің елімізде «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» заң болды. Ол мемлекеттің тәуелсіздік алған алғашқы жылдарында 1995 жылы 17 наурызда мемлекеттің қалыптасу кезеңінде қабылданған болатын. Заңның құрылымдық және мазмұндық сипаттағы кемшіліктерімен бірге ол қоғамның бүгінгі даму деңгейіне, оның сұраныстарына толық сәйкес келмейтін еді.

Бұның өзі азаматтар мен азаматтық қоғам институттары тарапынан наразылық пен қоғамда түсініспеушіліктің тууына себеп болып, халықаралық ұйымдар тарапынан да сынға алынды.

Осыған байланысты Президент Жолдауында, митингілер туралы заңнаманы жетілдіру бағытында тапсырма берілді. Онда «Егер бейбіт акциялар заңның шеңберінен шықпайтын және азаматтарымыздың тыныштығын бұзбайтын болса, бұған түсіністікпен қарап, жиындарды өткізу үшін арнайы орын бөлу қажет. Мұндай орындар қаланың шетінде болмауы тиіс» – деп атап көрсетілді.

Жаңадан қабылданған «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» заңы Президент жолдауын іске асыруға және жоғарыда аталған олқылықтарды түзеуге бағытталған. Заңның қолданыста болған бұрынғы заңмен салыстырғанда тұжырымдамалық тұрғыдан да, осы саладағы туындайтын қатынастарды реттеудің құқықтық тетігі жөнінен де көп айырмашылығы бар.

Үш тараудан және 21 баптан тұратын заң Қазақстан Республикасы азаматтарының бейбіт және қарусыз жиналып, бейбіт жиналыстар өткізу құқығын іске асыруға бағытталған қоғамдық қатынастарды реттейді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 32-бабына сәйкес бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен

демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға (пикет) тұруға Қазақстан азаматтары ғана құқылы.

Бұл мәселеде Конституцияның ең жоғары заңды күші барын және Республиканың бүкіл аумағында тікелей қолданылатынын ескеру керек.

Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдарға түсінік берілген. Олардың ішінде, бейбіт жиналыстардың барлық бес түріне, «қаты-



сушы», «ұйымдастырушы», «арнайы орын» ұғымдары бар.

Ұғымдар түсінігі – заңды қолдану кезінде біркелкілікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін маңызды норма.

Заң – бейбіт жиналыстар бостандығы құқығын шектеу негіздерін нақты айқындаған.

Ондай негіздер қатарына: мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау кіреді. Бұдан басқа жағдайларда бейбіт жиналыстарды шектеуге жол берілмейді.

Аталған норма «Азаматтық және саяси құқықтар туралы» Халықаралық Пактіге (21 бап) сай келеді.

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізудің алты қағидаты белгіленген. Соның бірі – бейбіт жиналыстар өткізу пайдалану презумпцияға жатқызылған. Бұл қағидат – бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру

және өткізуге қатысты мемлекет тарапынан ұсынылып отырған тың және халықаралық тәжірибеге үндес бастама.

Тағы бір ерекшелік, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды анықтауға байланысты. Бұл жерде республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті өкілді органдары – мәслихаттарға үлкен жауапкершілік жүктейді.

Мәслихаттарға:

- 1) бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орынды;
- 2) арнайы орындарды пайдалану тәртібін;
- 3) арнайы орындарды шекті толтыру нормаларын;

Жергілікті атқарушы органдарының бейбіт жиналыстарды өткізуден бас тартуына себеп болатын негіздер түпкілікті анықталды. Бейбіт жиналыстар бостандығы құқығын бұзатын шешімдер мен әрекеттерге шағым жасау, осы саладағы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілікке байланысты нормалар қарастырылған.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты заңды жетілдіруге бағытталған бірнеше өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Олардың бір тобы бейбіт жиналысты ұйымдастырушының міндеттері мен бейбіт жиналыстар өткізу кезінде тыйым салу негіздерін қамтитын, сонымен бірге бейбіт жиналысқа қатысушының әрекетіне тыйым салу туралы тармақтарға қатысты болды.

Заң жобасында бейбіт жиналысқа қатысушылардан өз бетін бүркемеуді, оның ішінде бет әлпетін тануға кедергі келтіретін киім-кешекті және өзге де заттарды пайдаланбауды талап ету ұйымдастырушыға міндет қылып жүктелген. Сол сияқты, бейбіт жиналысты өткізу кезінде ұйымдастырушыға да бет-әлпетін тануға кедергі келтіретін киім-кешекті және өзге де заттарды пайдалануға тыйым салынған.

Бұл нормалар алынып тасталды. Себебі, кей жағдайда бейбіт жиналысқа қатысушылардың денсаулығын сақтауға байланысты жеке қорғаныш құралдарын пайдалану қажеттігі туындауы мүмкін. Мұндай жағдай болған кезде жоғарыдағы нормалар азаматтардың құқығын шектейді. Сол сияқты бейбіт жиналысқа қатысушының денсаулығын сақтауға бағытталған жеке қорғаныш құралдарын пайдалануға мүмкіндік беретін толықтыру енгізілді.

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды белгілеу және оның санына қатысты сұрақтар көтерілді, ол қоғамда да кеңінен талқыға түскен болатын.

Оны ескере отырып, астананың, республикалық маңызы бар және облыс орталықтары болып есептелетін қалалар мен олардың құрамына кіретін аудандарда арнайы орындар міндетті түрде орталықта орналасуы және олардың саны үшеуден кем болмауы тиіс деген шешім қабылданды. Бұл жиналыстар, митингілер, тосқауыл қоюға қатысушылардың «көріну мен естілу» және оларды өткізу мүмкіндігін арттырады.

Қатысушы немесе қатысушылар тарапынан заңның бұзылуы жойылған жағдайда бейбіт жиналыстарды жалғастыруға мүмкіндік беретін маңызды нормамен толықтырылды.

Заң азаматтардың өз ойын білдіруге қатысты мүмкіндіктерін кеңейтіп отыр. Ол еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі уақыт талабын ескере отырып, демократиялық үдерісті жалғастыруға бағытталған батыл қадам деп айтуға болады.

**Сәрсенбай ЕҢСЕГЕНОВ,
Парламент Сенатының
депутаты**

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

Кеш те болса әділдікке қол жеткізді

СҚО ПД ақпараттандыру және байланыс басқармасының арнайы мемлекеттік мұрағатында қуғын-сүргінге ұшыраған солтүстікқазақстандықтарға қатысты көптеген қылмыстық істер сақтаулы. Сондай құжаттардың бірінің көшірмесі Нұр-Сұлтан қаласындағы Ұлттық музейге қойылған. Құжатты музейге Солтүстік Қазақстан университетінің оқытушысы, халық жауының зайыбы ретінде сотталған әйелдің қызы Бақыт Бегенова өз қолымен табыс еткен.



Асылзат ТАЛҒАТҚЫЗЫ, СҚО

Уақытқа кері шегініс жасасақ, Бастауыш қазақ мектебінде мұғалім болып алаңсыз балаларды білім нәрімен сусындатып жүрген Мұслима Ілиясованың өмірін бір-ақ күнде қара түнек басады. Дәл сол күні, яғни

1937 жылдың 26 желтоқсанында Петропавлдағы Қазақ педагогикалық техникумының директоры болып қызмет етіп жүрген жұбайы Анас Ілиясовты қара жездеттер «Антисоветтік ұлтшыл ұйымға қатысы бар» деген желеумен ұстап әкетеді. Ол сол кеткеннен үйіне оралмаған күйі

1938 жылы 9 наурызда ату жазасына кесіледі. Ал 6 сәуір күні жездеттер Мұслиманы да тұтқындайды. НКВД-ның жанындағы Ерекше кеңестің шешімімен оны Ақмоладағы Отанын сатқандардың әйелдеріне арналған лагерьге жөнелтеді. 10 жылдан астам уақыт бойы лагерьдегі азап пен қорлықтан аман шыққан Мұслима Петропавлға тек 1949 жылы ғана оралады. Оның сол сәтте бұл қалада бас сұғар баспанасы да қалмаған болатын. Дегенмен тағдырдың тәлкегіне мойынсұнбай, өмірді қайта бастауға екінші күйеуі күш береді. Естекен Бегенов есімді азаматпен қайта шаңырақ көтеріп, отбасында Бақыт есімді қыз бала дүниеге келеді. Алайда Бақыт анасының қилы тағдыры туралы бой жетіп, жоғары оқу орнының төртінші курсына оқып жүрген кезінде бір-ақ біледі.

– Ол басынан өткерген сол бір зұлмат жайлы маған бұған дейін тіс жарған емес. Анамның рухының мықтылығына қайран қаламын. Ол өзін жазықсыз тұтқында ұстаған кеңес үкіметіне де, Сталинге де ешбір сөз сақтамаған жан еді. Қашан да күлімдеп, айналасындағыларға мей-

рім шуағын төгіп жүретін. Анам бақылыққа аттанған соң жеке заттарын жиыстырып отырып мемлекеттік органдармен жазысқан хаттарын тауып алдым. Менің жанымна осының бәрі анамның қайғысынан кейінгі тағы бір соққыдай тиді, – дейді ол.

Мұслима өмірінің соңына дейін әділдікке қол жеткізуге тырысқан. Күйеуінің халық жауы емес екенін дәлелдеп, оны ақтау туралы жазбаған жері қалмаған. Және ол еңбегі зая кетпепті. Анас Ілиясов 1957 жылы толықтай ақталса, Мұслиманың өзі арада бір жыл салып ақталды.

Бақыт Еңсегенқызы тарихи құжаттарды зерттеумен 1990 жылдан бері айналысып келеді. Бірде ол Нұр-Сұлтан қаласындағы Ұлттық музейді аралап жүріп, Мұслима Ілиясованың жас кезіндегі суретімен қатар тұрған жоғарыда сөз болған ерекше кеңестің шешімін көреді. Көшірме обден сарғайып, жазулары бозарып кеткен, тозыңқы болатын. Бақыт Бегенова Петропавлға қайтып оралған соң полиция мұрағатына келеді. Ол мұрағаттан әлгі шешімнің көшірмесін жаңадан алып, бас қаладағы музейге әкеп табыстайды.

– Мен ескі құжатта анамның есімінің бұлдырап қана көрініп тұрғанын қаламадым. Ол мені жақсы азамат етіп тәрбиелеп өсірді. Жайдары жүзі, айналасына деген құрметі мен үшін өнеге болды. Анамның бейнесі сол заманғы адамдардың қайсарлығының үлгісіндей болып қала береді, – дейді Бақыт Бегенова.

СҚО ПД ҚАЖ арнайы мұрағатының мамандары отбасының тарихын қалпына келтіруді қалайтын адамдарға көмектесуге қашан да дайын. Ол үшін өтініш жазып, туысқандық байланысы барын дәлелдейтін құжатын көрсетсе жеткілікті. Мұрағаттың мамандары анықтама беріп, процессуалдық сипаты жоқ материалдармен танысуға мүмкіндік береді. Егер қылмыстық істе қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың жеке басының құжаттары сақталған болса, мұндай құжаттарды туысқандары ала алады. Биылғы жыл басынан бері дәл осындай он шақты адам репрессияға ұшыраған туыстарына қатысты материалдарды сұратып алдырды.

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 75 ЖЫЛ

«Менің атам – майдангер»

Кезінде қан майданда елін жаудан қорғап, Ұлы Жеңісті ұрпағына сыйға тартқан ардагерлеріміздің қатары сиресе де, оларға деген ел құрметі ешқашан бәсеңсімек емес. Майдангер аталарымыздың ерлігі қашан да елге – мұра, ұрпаққа – мақтаныш. Ішкі істер саласында да Жеңіс жауынгерлерінің қаншама ұрпақтары еңбек етуде. Біз бүгін сөз еткелі отырған Наурызбаевтар династиясы – кәсіби қызметтегі ұрпақтар сабақтастығының жарқын үлгісі.



Тобыл өңіріндегі Әуликөл ауданы Құсмұрын кентінде орналасқан Қостанай облысы Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты УК-161/4 мекемесінде Сотталғандар арасындағы тәрбие және әлеуметтік-психологиялық жұмыстар жөніндегі бөлімінің бастығы лауазымында әділет капитаны Нұрболат Бөстекбаев қызмет атқарады. Әке жолын қуған жалындаған жас жігіттің бұл салаға келгеніне бес жылдың жүзі болыпты. Осының алдында ғана әкесі Берік Бөстекбайұлы Арқалық қаласындағы УК-161/12 түзеу мекемесінде 15 жылдай адал қызмет атқарып, бүгінде лайықты зейнет демалысына шыққан болатын. Ал атасы Бөстекбай Наурызбаев – Ұлы Отан соғысының ардагері. Торғай өңіріне танымал тұлға. Осындай ұлағатты әулеттен өрбіген ұрпақтың арманы – айқын, мақсаты – биік. Бүгінде немере буын «Менің атам – майдангер» деп ата даңқын мақтан етеді.

Биылғы атаулы күнде өзі өмірден әлдеқашан өтіп кетсе де, соғыс ардагерінің есімі ерекше аталды. Торғай топырағы – Наурызбаевтар әулетінің байырғы ата мекені. Бөстекбай ата осы Қостанай облысының Аманкелді ауданындағы Қайыңды ауылдық кеңесіне қарасты Кеңарал елді мекенінде 1918 жылы дүниеге келген екен. 1939 жылы әскерге шақырылып, Фин соғысында 12-ғау-

бицалық артиллерия полкінің 18-атқыштар дивизиясының құрамында Маннергейм операциясына қатысқан. Фин соғысы аяқталған соң полк дивизия құрамында Белоруссия әскери округіне ауыстырылыпты. Ұлы Отан соғысын да ол осы жерде қарсы алған. Алғашқы уақытта жаудың арыны қатты боп көпке дейін шегінуге тура келген. Кеңес әскері қаша ұрыс сала отырып, Орша қаласының түбіндегі бекініске кеп орналасқан.

Сол жерде жаудың бетін тойтарған «Катюша» алғаш рет жауға оқ атқан болатын.

Бір шайқаста Бөстекбай жауынгер жеңіл жараланып, аз күн дала госпиталінде болып, қатарға қайта қосылады. 1944 жылдың желтоқсан айында біздің армия Кеңес Одағының аумағын неміс басқыншыларынан толық босатты. Жауды тықсыра отырып, Будапешт, Вена қалаларын алды және Балатон бағытында жауға ойсырата соққы берді. Бөстекбай Абрамбайұлы соғыстағы ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» «I, II дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен, «Будапештті алғаны үшін», «Венаны алғаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған.

Нұрболат атасын көзі тірісінде көрмепті. Бірақ, майдангер атасының атақ-даңқына бала жастан қанығып өскен. Туған ауылында оның есімі ерекше құрметпен аталады. Көзкөргендер әлі күнге дейін ол кісіні үлкен ілтипатпен еске алып, ақ жүректі жан екенін айтып отырады. Аманкелді аудандық өлкетану мұражайында Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне арналған бөлім бар. Сол бұрышта атасының орден-медальдары, суреттері сақталған. Тәуелсіздік таңында дүниеге келген жас ұрпақ Жеңіс жауынгерлерінің

ерлік істерін әрдайым мақтан тұтады.

Елге оралған соң Бөстекбай ата аудандық мәдениет бөлімінің бастығы, аудандық жинақтау кассасының меңгерушісі, 1960 жылы Коммунизм жолы кеңсінде бөлімше басқарушысы, директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары және тағы да басқа жұмыстарды атқарып, зейнеткерлікке шыққан екен. 1991 жылы дүниеден озған. Артында үш ұл, төрт қызы және немерелері мен шөберелері қалды. Солардың бірі ұлы Берік пен немересі Нұрболат осындай жеңімпаз әкелердің бақытты ұрпағы болғанына қуанады. «Шынымен де, егер олар жеңіске жетпегенде, қазір біздің жағдайымыз қандай боларын елестетудің өзі қиын. Сондықтан ардагерлеріміз мерекеледе ғана емес, күнделікті өмірде де барлық құрметке лайық» дейді олар.

Ішкі істер саласындағы династияның негізін қалаушы Берік Наурызбаев 1972 жылы бұрынғы Торғай облысы Аманкелді ауданы Қарасу ауылында дүниеге келген. 1979 жылы мектеп табалдырығын аттап, онжылдықты аяқтаған соң 1990 жылы әскерге аттанады. 1992 жылы әскерден бөлімше командирі лауазымымен сержант шенінде оралады. Осы жылы отбасын құрып, 2002 жылға дейін кеңшарда құрылысшы болып жұмыс істейді. 2002 жылы ҚАЖК-нің Арқалық қаласындағы УК-161/12 түзеу мекемесіне бақылаушы болып жұмысқа орналасады. Қызмет ете жүріп, 2003-2008 жылдар аралығында Арқалық Мемлекеттік педагогикалық институтын тарих, құқық және экономика негіздері мамандығы бойынша оқып, жоғары білім алып шығады. 2012 жылдан бастап аға корпусшы лауазымына ауыстырылған ол осы қызметті бес жыл атқарып, 2017 жылы желтоқсан айында зейнеткерлікке шығады. Берік Бөстекбайұлының үш ұлы бар. Әке жолын қуғаны – үлкені. Екінші ұлы Нұр-Сұлтан қаласында С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық университетін тамамдап, қазір мамандығы бойынша астанада қызметке орналасып жатыр екен. Үшінші ұлы биыл 3-сыныпты бітірген. Берік Наурызбаев қазір өзі ұзақ жылдар қызмет еткен Арқалық қаласында тұрып жатыр. Зейнеткерлікке шыққалы жеке кәсіпкерлікке бет



бұрған. Өңірдің қылмыстық атқару жүйесінің бүгінгі тыныс-тіршілігіне белсене араласып, тәлімгер ретінде қоғамдық жұмыстарға қатысып тұрады. Бүгінгі жас қызметкерлерге білгенін үйретуден аянып қалған емес. Үлкен ұлы Нұрболаттың әке жолын қуғаны да осы қызметіне деген адалдықтың үлгісі болса керек. Кәсіби сабақтастықтың бір өрімі ұлының әкесінен келіп жиі ақыл сұрап тұратындығынан көрінеді. Өйткені, арнайы контингентпен жұмыс – ең бір қиын міндет.

Осы қиын да жауапты міндетті абыроймен атқарып жүрген Нұрболат Бөстекбаев 1993 жылы 11 маусымда Қостанай облысы Аманкелді ауданы Қарасу ауылында дүниеге келген. 2003 жылға дейін сол ауылдағы мектепте үшінші сыныпқа дейін білім алып, одан соң отбасы Арқалық қаласына көшіп, сондағы №4 жалпы білім беретін орта мектепте оқуын жалғастырады. 2011 жылы Қостанай қаласындағы Ш.Қабылбаев атындағы ПМ Академиясына оқуға түседі. Осылайша әке жолын қуған Нұрболаттың ішкі істер саласындағы өмір жолы басталады. 2015 жылы жас түлек жолдамамен Әуликөл ауданы Құсмұрын ауылындағы УК-161/4 мекемесіне тәрбие бөлімінің жасақ бастығы қызметіне жіберіледі. Бүгінде ол осы мекемеде тәрбие бөлімінің бастығы лауазымын атқаруда. Оқу бітірген жылы Нұрболат өзінің кезекті шенін алған соң Қарағанды қаласындағы Орталық Азия университетіне юриспруденция мамандығы бойынша магистратураға құжат тапсырған болатын. Осы білім ордасын 2017 жылы қашықтықтан оқу түрінде аяқтап, заң ғылымдарының магистрі атанады.

– Бұл жолды таңдауыма әкемнің қылмыстық атқару саласының қызметкері болғаны ықпал етті. Қазір ол зейнет демалысында. Біраз жыл Арқалық қаласындағы УК-161/12 мекемесінде бақылаушы болып қызмет атқарды. Сол кісінің тәлім-тәр-

биесімен, ақыл-кеңесімен өмірімді әскери мамандыққа арнадым. Алдында осындай ақылшы адамның болғанына қуанамын. Өйткені, адам тәрбиелеу оңай шаруа емес, ал қылмыскерді түзу жолға салу он есе қиын. Бірақ мемлекеттің бізге жүктеген міндетін абыроймен атқару – менің жүрек қалауым. Сондықтан да мен өзімнің өмір жолым мен саламаттық ұстанымым арқылы өзгеге үлгі болуым керек. Соның ішінде жазасын өтеушіге де, – дейді әділет капитаны.

Бөлім бастығының бұлай деуінің жөні бар. Өйткені, бала кезден спортты жанына серік еткен Нұрболат Берікұлының ең сүйікті хоббиі – футбол ойыны екен. Мектеп қабырғасынан бастап секцияға барған ол мектеп атынан, Арқалық қаласы атынан түрлі жарыстарға қатысқан. Енді бүгінде Қостанай облысы Қылмыстық атқару жүйесі департаменті атынан республика деңгейіндегі додаларда өнер көрсетіп жүр. Мәселен, Павлодар қаласында, одан соң Қарағанды қаласындағы өткен турнирлерде Қостанай облысының намысын қорғап, екінші орындарды иеленген. Былайша айтқанда, футболдан Қостанай облысы ҚАЖД құрамасының белді мүшесі. Ол өзі қызмет ететін мекеме абыройын да облыстық спартакиадаларда биікке көтеріп жүр. Құсмұрын мекемесі облыстық жарыстардың үш дүркін чемпионы атанғаны – осының айғағы.

Нұрболат 2018 жылы шаңырақ көтеріп, 2019 жылы сәуір айында кішкентайлы болған екен. Бөстекбай атаның шөбересі, кішкентай бұлдіршін қазір бір жаста. Ендеше, майдангер ата ұрпақтарына Қадыр айында айтқанда, «Атаңның жасын жаса да, көрмей-ақ қой көргенін» деп тілек тілейміз.

Нұрлан ОРАЗҒАЛИЕВ,
суреттер кейіпкердің жеке
мұрағатынан алынды



Бал-баланың МОНОЛОГІ

Жаратқанның құдіретінен жаралдым,
Аппақ Ана сүтінен мен нәр алдым.
Тоғыз ай мен тоғыз күндей тірлігім –
Жатырында жатқан кезім Анамның!

Анашымнан жоқ нәрсені сұрадым,
Әр нәрсеге ауа кетеді (і) құмарым.
Табиғаттың тылсым күшін жақтырмай,
Кей кездері тарылғандай «тұрағым»...

Анам күлсе, мен де мәзбін, шаттанам,
Мен бақытты жан болам деп мақтанам.
Ал егер де жан-жүрегім мұң шалса,
Білесіз бе, мен де тыным таппағам...

Сөйттім - дағы кең дүниені аңсадым,
Анашым жетіп жатты бар «шағым».
Жарық дүние құшағына алса деп,
Басталса деп тілей бердім бал шағым!

Анашымның жүрегінің түбінде,
Маужыраймын құлақ қойып үніне.
Мен туралы айта қалса тыпырлап,
Қуанғаннан белгі берем күніне.

Атты бір күн аппақ таңым арайлы,
Нұрландырған мен екенмін маңайды!
Ата-анамның қуанғанын көрсеніз,
Бар өкпе-наз ұмытылған талайды!

Әр күн сайын жетілдірді Жаратқан,
Бір мен үшін таңдар қымбат әр атқан.
Күннен күнге десем, артық айтармын,
«Түрлі өнер» шығардым әр сағаттан...

Іңгәлумен «әмірімді» жүргіздім,
Үй түндігін сан бір мәрте түргіздім...
Уа, Жаратқан, әкем менен анама
Бақытыма ұзақ ғұмыр сүргізгін!

Әсел ЖАҚСЫБАЙ
Нұр-Сұлтан

Жеңімпаз жеткіншектер – мақтанышымыз

Махаббаттың әкесі Дәулетбек Оспанов Алматы-1 стансасындағы желілік полиция департаментінде еңбек етеді. Махаббат Дәулетбекқызы Алматы қаласындағы №31 мектепте оқиды. Сыныпта озат оқушы және әдебиет жағынан көптеген аудандық, қалалық, республикалық байқаулар мен конкурстардың жеңімпазы.



Гүлдархан БЕКЕМҚҰЛОВА
Алматы

2016 жылы «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» мәнерлеп оқу сайысында 1-орын, 2018 жылы қалалық «Қалдырған ізін мәңгілік» атты эссе жазу байқауында 3-орынды иеленді. Сонымен қатар авторлық өлең шығару байқауы, шешендік өнер байқауларында тек жүлделі орындардан көрініп жүр.

Баланың келешегіне бағыт-бағдар беріп, өміріне азық болар мамандық пен кәсіп таңдауына қолдау көрсету – ата-ананың парызы. Бұл орайда ата-анасынан қолдау тапқан Махаббаттың кішкентайынан қазақ әдебиетіне деген қызығушылығы артып, қазақ ақында-

рының өлеңдерін мәнерлеп оқуды ұнататын.

– Мен үшін ең қиынға соққан конкурс – республикалық «Тұлпар мініп, Ту алған» конкурсы болды. Себебі, конкурс шарты бойынша 132 беттен тұратын «Алпамыс батыр» жырын бір жарым айда жаттау керек болатын, қиын болса да тапсырманы бір айда жаттап, орындап шықтым, – деп еске алады Махаббат.

«Бала – бауыр етің» деген сөз тегін айтылмаған. Баласының болашағына бағдар берген әкесі Алматы-1 стансасы ЖПБ бастығының орынбасары, полиция полковнигі Дәулетбек Оспанұлы «Балаларымыздың болашағы біздің жауапкершілігімізге байланысты қалыптасады. Сондықтан баланың талантына көңіл бөліп, ары қарай үйіте – ата-ананың міндеті» дейді.

Сонымен қатар аталған басқармадағы әкімшілік полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Жандарбек Әбдіқапаровтың ұлы



Нұрасылдың да спорттағы жетістігі мақтауға лайық. Нұрасыл жеті жасынан бастап таэквондо спортымен айналысады. Содан бері барған жарыстарының ешбірінен қанжығасына жүлде байламай қайтқан емес. Кішкентай болса да, ер мінезді Нұрасыл – мектепте озат оқушы.

Ол 2019 жылы өткізілген таэквондодан DREAM CUP Республикалық ашық турнирінде жеңімпаз ата-

нып, 1-орынды иеленді. Тағы да осы жылы таэквондодан балалар, кадеттер, жеткіншектер арасындағы «CHAMPION» Республикалық турнирінде 1-орынды жеңіп алып, жасыл белбеу категориясын қорғап шықты.

Ішкі істер органындағы жауапты жұмыстың бел ортасында жүрген ата-аналарын қуанышқа бөлеп жүрген жеңімпаз балалардың болашағы жарқын болсын!

Қасиетті Қоңырәулие үңгірі

Қоңырәулие үңгірі – Павлодар облысындағы Баянауыл тауының батыс жағындағы Аққарағай тауының күнбатыс етегіндегі қасиетті үңгір. Ол Баянауыл ауылының солтүстік-шығысында, жеті шақырым қашықтықта орналасқан. Жергілікті тұрғындар оны «Әулиетас» немесе «Қоңырәулие» деп те атайды. Үңгір тектоникалық жік түсуден, гранит тасына табиғи сыртқы күштердің (жел, күннің қызуы, су шаю, т.б.) әсерінен пайда болған. Ендік бағытта созылған үңгірдің ұзындығы – 30 метр, ені – 2,5 метр, биіктігі – 1,8-2,0 метр, кіре берісі кеңдеу де, түбіне қарай біртіндеп тарылып, тастағы жарықшақтардан енген судан түзілген көлшікпен бітеді. Үңгірдің табаны тегіс, бүйірі қуыс-қуыс және тепкішекті. Суының шипалық қасиеті бар.

ҚОҢЫРӘУЛИЕ
ТУРАЛЫ АҢЫЗ

«Қоңырәулие» үңгірі жердің, жануарлар мен құстар әлемін қорғаушысы Нұх Пайғамбар заманынан бері бар. Бүкіләлемдік су тасқыны кезінде үш көріпкел Нұх Пайғамбардың кемесіне қалып қойыпты-мыс, бірақ кемеді орын болмапты, сонда үш бақанды жалғап байлап, бақанға отырып, ол пайғамбардың кемесіне байланыпты. Бүкіләлемдік ағыспен олар солтүстіктен оңтүстікке беттейді. Алғашқы болып үлкен әулие Құланның бөренесі тасқа соғылып, жұлынып кетеді. Бұл Қызыл Тау маңында болған. Екінші болып тасқа ортаншы бала әулие Қыранның бөренесі ең биік тау Ақбетке соғылады. Су қайта бастап, таулар мен шоқылар ашыла бастағанда кенже әулие Қоңырдың бөренесі үңгірге

жақындағаннан кейін ол осы жерге қоныстанады. Сол себепті үңгір қажылықтың киелі жері саналған. Осындай табынудың себебі болған үңгір түкпіріндегі қазан содан бері қалған деседі. Ол қазанның түбіне үнемі су жиналады. Осы суда барлық ауруларды жазу қасиеті бар, тіпті, бедеуліктен де, – дейді барып көзімен көргендер. Қай уақытта болмасын, үңгір жанына баланы дүниеге әкелу мақсатымен әйелдер қонған және осы армандары шынымен де орындалған деседі.

ҮҢГІР ЖАЙЛЫ ДЕРЕКТЕР

Үңгір туралы деректер зерттеуші П.И.Рычковтың «Орынбор топографиясы» атты жұмысында кездеседі. Ол Баянауыл тауларын сипаттай отырып, нысан туралы мынадай мәліметтер жазған: «...осы тауларда көлі бар үңгір ту-

ралы айтылады. Ал көлде ерекше түрге жататын кішкентай құстар бар. Сонымен қатар бұл жерде киелі деп саналатын мұсылмандардың табыты бар. Мұнда қазақтар сенім білдіріп келіп суға түседі, сол арқылы түрлі ауру-сырқаудан айығады деп сенеді». Кейін ХХ ғасырдың басында, И.Я.Коншин, А.Н.Сидельников, Т.П.Белоногов және П.Н.Столянский өз жұмыстарында Әулиетас үңгіріндегі діни жоралғыларды сипаттаған. Үңгірді ХХ ғасырдың 60-шы жылдары павлодарлық өлкетанушылар бірнеше рет 969-970 жылдары Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспедициясы, 2007 жылы В.К.Мерц жетекшілік ететін павлодарлық археологиялық экспедиция зерттеді. 900 жылы өңірге саяхат жасаған Николай Коншин үңгірді былай сипаттайды: «Үңгір тау ортасынан жоғары орналасқан және алыстан қарағанда қара ойық сияқты көрінеді. Үңгірге барар жол онша күрделі емес, бұталармен, тас жоқ жерде итмұрын мен бөріжидек өсіп кеткен тау кертпешіндері бойынша жолақпен жалғасып жатыр. Үңгірдің кіре берісі адам бойынан айтарлықтай биік, формасы - үш бұрышты. Кіре беріске дейінгі бірнеше аршын болатын алшақтықта есігі бар ағаш қалқа орнатылған: үңгірдің едені, қабырғасы мен төбесі - тас. Ол біртекті емес, төбесі біресе жоғары, біресе аласа дәлізге ұқсайды. Менің байқауымша, үңгір ұзындығы кемінде



– 10 сажын, ал ені – шамамен бір сажын. Үңгірдің іші жергөле секілді ылғалды, салқын әрі қараңғы, сондықтан оны көру үшін майшам алған дұрыс. Дәліздің соңында ортасы шұңқыр тас жатыр. Мұнда үңгірдің төбесі мен қабырғаларынан мұздай су ағып, ылғи жиналады. Қазақтар бұл тасты «қазан» деп атайды. Оның ішінде су ішу үшін бірнеше ағаш қасық жатты. Үңгірде қазақтардың жиі келетінін аңғартатын іздер бар, оған әбден тапталған жол апарады, көп жерде қой сүйектері жатыр, үңгірге кіре беріс алдындағы бұтақтар мен тастар арасында бүкіл маңайда сиса, киіз және басқа да материалдардың қиқымдары кездеседі.

Қазіргі таңда үңгір діни, киелі туризмнің танымал орны болып табылады. Кей адамдар түрлі үміт пен өтінішті арқалай келсе, енді бірі қызығушылықпен келеді. Егер адам ниеттеніп, тілегінің орын-

далуын қаласа, міндетті түрде іске асады деген наным бар. Ертіс өңірінің тұрғындары мен қонақтарының аталар дәстүрін сақтап, Қоңыр әулиені киелі орын деп қастерлеуі, салт-жоралғы жасап, дұға оқып, зиярат етіп баруы үңгірдің киелілігін көрсетеді.

ҮҢГІРДЕГІ ҚАСИЕТТІ КӨЛ

Қоңырәулие өзінің қасиетті көлімен халық арасында танылған. Үңгір ішіндегі көлдің ұзындығы – 25 метр, ені – 10, тереңдігі – 1,8 метр. Дегенмен оның көлемі жерасты суының деңгейіне байланысты өзгеріп отырады. Суы тұщы әрі көптеген ауруларға ем. Шынында да көл суының емдік қасиеті бар екені еш күмән туғызбайды. Өйткені, үңгір орналасқан Ақтастың бетінде ертеден-ақ арша қалың өседі.

Дереккөз: sagyarka-samaly.kz

ШЫҒАРУШЫ
және МЕНШІК ИЕСІ:
«Қазақстан Республикасы
ішкі істер органдарының
Медиа орталығы» ЖШС
Бас директор
Әлімжан ЖАРЫЛҚАҒАНОВ

РЕДАКЦИЯ:
Бас редактор Тоқнияз КҮЧУКОВ
Бас редактор орынбасары: Гүлсім БЕГІМОВА
Аға тілші: Бауыржан СЕГІЗБАЕВ

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г куәлігі берілді.
• Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
• Коллажға рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды.
• Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес.
• Жынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді.
• Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді.
• Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады.

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды.
Басылым «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады.
АҚ баспаханасында басылады.
Индекс: 65395
Таралымы: 9 043
Тапсырыс: № 611

«Алматы – Болашақ» АҚ
Алматы қаласы, Алматы ауданы, С.Мұқанов к-сі, 223В
тел: 8777-163-12-39
Газет айына 8 рет шығады.

БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:
ИИК – KZ74856000000147459
БИК – KСJBKZKX
БИН – 051040005963 КБЕ-16
«БанкЦентрКредит» АҚФ
РНН 600900114533

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Жұбанов көшесі, 29А,
Телефон: 8 (7172) 49-02-14,
ішкі нөмір 110
www.mediaovd.kz
Эл. пошта: sakshy@mediaovd.kz